

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1 маусым 1993 ж. N 447

"Қазақстан Республикасының қаржы, салық және кеден қызметтерін қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 12 қарашадағы N 963 Жарлығын орындау үшін (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1992 ж., N 42, 619-бап) Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республика қаржы жүйесінің топтастырушы органы бола отырып, кредит, валюта, ақша, салық және кеден саясатымен өзара байланыса, мемлекеттік біртұтас қаржы саясатының стратегиялық бағыттарын белгілеуге және іс жүзіне асыруға, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдердің мемлекетаралық қатынастары шеңберінде осы бағыттарды үйлестіруге, Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қаржы саясатын жасауға жауап береді деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне мынадай негізгі функциялар: әлеуметтік-экономикалық даму саласында республика үшін ортақ қаржы басымдылығын айқындау жөнінде ұсыныстар жасау;

бюджетте көзделген барлық кірістердің келіп түсуін қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасы заңдарының орындалуына бақылау жасау, барлық бағыттар бойынша мемлекеттік қаражатты үнемдеудің және оны нысаналы түрде пайдаланудың қатаң тәртібін жүзеге асыру;

нарық қатынастарына көшуге, республикада инфляция процестерін шектеуге және дәйекті түрде жоюға, кәсіпкерлікті қолдауға, халыққа салық салуда әлеуметтік бағдар ұстауды қамтамасыз етуге бағытталған біртұтас салық саясатын қамтамасыз ету;

мемлекеттік кеден саясатын жүзеге асыруды қамтамасыз ету, сауда-экономикалық қатынастарды кедендік реттеу жүйесін жетілдіру, сыртқы экономикалық байланыстарды дамытуға жәрдемдесу, сондай-ақ кедендік баж алымдарының мөлшерін реттеп отыру арқылы Қазақстан Республикалық экономикалық мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

перспективалық қаржылық жоспарлауды, әлеуметтік-экономикалық дамудың қаржы базасына болжам жасауды, халықтың ақшалай кірістері мен шығыстарының балансымен, ақша-кредит саясатының негізгі бағыттарымен, басқа да жалпыэкономикалық құн баланстарымен өзара байланыстары қаржы балансын әзірлеуге қатысуды, бюджетті жоспарлауды жалпымемлекеттік деңгейде жүзеге асыруды, республикалық бюджет пен облыстар (қалалар) бюджеттерінің арасында бюджеттік өзара қарым-қатынастарды қалыптастыруды қосқанда республикадағы

бюджет процесін басқару; Қазақстан Республикасының бюджетін жасау мен орындау; бағалы қағаздарды шығарудың, орналастырудың, айналымға енгізу мен есебін жүргізудің тәртібін белгілеу, оларды шығаруға және айналымға енгізуге рұқсат беру (лицензиялау), бағалы қағаздар айналымының белгіленген ережелерінің сақталуына бақылау жасау;

меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың айналмалы каражатын, қайтарылмалы негіздегі жеңілдетілген кредиттеуді толықтыру үшін нысаналы мемлекеттік кредиттеуді жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен бірлесе отырып, мемлекеттік ішкі борыш пен бюджет тапшылығын өтеу үшін кредит ресурстарын бөлу жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

халықаралық стандарттарды ескере отырып, бухгалтерлік есеп пен есеп беруді ұйымдастырудың бірыңғай әдіснамалық негіздерін айқындау;

бағаны ырықтандыру мен нарықтық қатынастарға көшу жағдайында халықтың табысы аз жіктеріне, табысы кесімді адамдарға қаржылық қолдауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды үйлестіру;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдары, Қарулы Күштері, құқық қорғау және сол органдары жүйесін жетілдіру мен арзандату жөніндегі шаралардың іске асырылуына жетілдіру мен арзандату жөніндегі шаралардың іске асырылуына бақылау жасауды әзірлеу мен жүзеге асыру функциялары жүктелсін.

3. Республикалық бюджетті орындау процесінде кірістер мен шығыстарды тиімді басқару мәселелеріне, мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландырудың жеделдігін арттыруға, мемлекеттік каражаттың нысаналы және үнемді пайдаланылуына бақылауды күшейтуге зор маңыз бере отырып, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанынан Бас қазына-мүлік басқармасын құру тиімді деп саналсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі екі ай мерзім ішінде жаңадан құрылатын Қазақстан Республикасының қазына мүлкі құрылымдық бөлімшелерінің қызметін, құрылымы мен қызметкерлер санын реттеу жөніндегі қажетті құжаттарды белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне тапсырсын

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің орталық аппараты қызметкерлерінің шекті саны 674 адам болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің орталық аппарат үшін қызмет бабында пайдаланылатын 24 жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне министрдің 8 орынбасары, оның ішінде төрт бірінші орынбасары және 15 адамнан тұратын алқа болуына рұқсат етілсін. Алқаның құрамына лауазымы бойынша Министр және оның орынбасарлары енеді. Алқаның басқа мүшелерін Қаржы министрінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді. <*>

Ескерту. 4-тармағына ішінара өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің

19.04.1994 ж. N 405 қаулысына сәйкес.

4-тармағының үшінші абзацында сөздер алмастырылған -

ҚРМК-нің 3.06.1994 ж. N 588 қаулысымен. P940588_

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы мен Бас кеден басқармасы бастықтарының орынбасарларына және осы құрылымдардың басқа да басшы қызметкерлеріне олар үшін бұрын белгіленген материалдық-тұрмыстық, көліктік және медициналық қызмет көрсету жағдайлары сақталсын.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министріне:

Қазақстан Республикасы кеден қызметінің жеделгер және басшы құрамына Бас кеден басқармасы бастығының ұсынысы бойынша 1 дәрежелі кеңесші атағына дейін дербес атақтар беру, немесе бұл атақтардан айыру;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетімен келісім бойынша кеден қызметі жүйесінің мекемелеріндегі басшы құрамының айырым белгілерін белгілеу;

жергілікті қаржы, салық және кеден органдарына қызметкерлер саны мен еңбек ақы қорын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен осы көрсеткіштер шегінде белгілеу құқығы берілсін.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесе отырып, 2 ай мерзім ішінде қаржы, салық және кеден қызметтері мәселелері бойынша бұдан бұрын қабылданған республика Үкіметінің шешімдерін қолданылып жүрген заңдарға сәйкестендіру туралы ұсыныстар әзірлеп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне тапсырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі